

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар)	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы	98-106
Лингвистика және әдістеме	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагұлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары)	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация	210-217

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years)	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature)	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda»)	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev	98-106

Linguistics and methodics

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms)	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages)	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation	210-217

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы)	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда»	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Құлейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Мағжана Жумабаева	98-106

Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация	210-217

XFTAP 16.31.41

Гүлсезім Теміртас¹, Қайырбек Кеменгер²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ¹gul_96t@mail.ru, ²kkemenger@mail.ru)

Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы

Аңдатпа. Мақала алаш ағартушылығына, мәдени өміріне үлес қосқан белгілі қайраткер Сұлтанбек Қожанұлының қайраткерлік және қаламгерлік қызметіне арналған. Қайраткердің еңбегі ХХ ғасырдағы қазақ ағартушылығы мен мәдениетінің дамуына тың серпін берді. Сондықтан С.Қожанұлының шығармашылық жолын зерделудің маңызы зор.

ХХ ғасырдағы рухани саладағы жетістіктерді танып-білу заманауи ғылымның өрлеуіне бағыт-бағдар береді. Аталған кезеңдегі ұлттық ұстаным білім, мәдениет, өнер, саясат, ғылым, экономикада көрініс тапты. Оның құнды тұстарын бүгінгі заманда ескеріп, қолданысқа енгізу міндеті алда тұр. Бұл ретте алаштың ардақты тұлғасы С.Қожанұлы еңбектері мен өнегелі қызметінің тағылымы мол. Оның қазақ баспасөзінде жарияланған мақалаларында ұлт тағдырына қатысты өзекті мәселелер қозғалады. Жан-жақты дарынды тұлға публицистік, әдебиет сыншысы, педагогтік, қайраткерлік, әдебиетші және ақындық қырларымен ерекшеленеді. С.Қожанұлының ұлт зиялыларымен бірге рухани салада атқарған қызметі тарихтан өз бағасын алды.

Түйін сөздер: Алаш баспасөзі, әдеби сын, руханият, қазақ публицистикасы, алаш ағартушылығы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-91-97>

Кіріспе. Алаш руханияты мен журналистикасына қажырлы еңбек сіңірген қайраткердің бірі – Сұлтанбек Қожанұлы. Оның өмірбаяны сол кездегі ұлт зиялыларының тіршілік тәжірбиесіне ұқсас.

Еліміз Тәуелсіздік алғанға дейін С.Қожанұлы болмысының қоғам қайраткері, ағартушы, журналист ретіндегі қызметін зерттеуге тыйым салынды. Бұның негізгі себебі кеңестік идеологияның ықпалы болатын. Осылайша жылдар бойы С.Қожановтың аты тарихта аталмады.

Зерттелуі. Азаттық таңы атқан соң отан тарихы жаңа белестерге қол жеткізді. Оның ішінде алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне қатысты деректердің зерделенуіне жол ашылды. Есімі елеусіз қалып, ұмтыла бастаған С.Қожанұлы есімінің халық жадында қайта жандануына Б. Қойшыбаев пен Р.Я. Раджаповалардың 1988 жылдары жарық көрген мақалалары үлкен үлес қосты. Б. Қойшыбаев «Тернистый путь» атты мақаласында қайраткердің қызметіне алғаш баға берді. Бұдан соң «Жазықсыз жапа шеккен», «Сұлтанбек Қожанов», «Шектеу», «Бір ту астына бірігу» атты мақалаларында қайраткердің өмірі туралы маңызды деректер келтірді. Сонымен қатар естеліктерден қайраткердің тұлғасына қатысты біршама деректер жинақталып жарияланды. Тарихшы К. Нұрпейіс, М. Қойгелді, Т. Омарбеков зерттеулерінде С. Қожановтың саяси қызметі мен тарихтағы орны туралы маңызды деректер жазылды. Сонымен қатар Т. Қожакеев Ж. Әлмашұлы, Х. Тұрсұн, Т. Жұртбай, А. Шәріп, Д. Махат, А. Әбікей т.б. еңбектерінде қайраткердің журналистік қыры, әдебиетші, ағартушы-педагог ретіндегі қызметі жеке-жеке зерттеу нысанына айналады.

Қайраткер С. Қожанұлының туған жері, білімі, қызметі туралы **А. Шәріп** зерттеуінде былайша баяндалады: «Ол 1894 жылы қыркүйектің 10-ында Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қарасты Ақсұмбе деген жерде, орта дәулетті отбасында дүниеге келген. Үкіметтің талаптарынан үріксе де, балаларын орысша оқытып, шоқыншақ студент шошынған атқамінер ағайындарының қолқа салуымен қоңыртөбел шаруа Қо-

жан қой соңында жүрген үлкен ұлы Сұлтанбекті Түркістан қаласындағы төрт жылдық орыс-түзем мектебіне тапсырады. Бастапқыда бір ауыз орысша білмейтін бала табиғи зеректігі мен зердесінің арқасында тез арада-ақ қара танып, қиындығы көп оқуға көндігіп кетеді. Алғашқы тәлім-тәрбие ордасын абыройлы тәмамдаған соң, ол үш сыныфтық қалалық училищеге түседі» [1, 6-7 б.]. Қайраткер қоғамдық жұмыстарға араласып, пікірін ашық білдіріп отырған. Алғашқы редакторлық қызметі «Бірлік туы» газетінен басталады. С.Қожанов 1920-1924 жылдары Ташкентте түрлі ағартушылық, саясат салаларындағы қызметтерді атқарды. Бұл жылдары ол «Ақжолға» бас редакторы болады. Елшілдік қасиеті мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қалам қайраткері М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, А.Байтасұлы, Т.Шонанұлы, Б.Сүлейұлы, Х.Болғанбай сынды ел зиялыларымен бірге ағарту, білім беру, ғылым, баспасөз, әдебиетті дамыту мен өркендету жолында бар күшін сарп етеді.

Ұлт қайраткерінің мансабы өрлеген топырақ – Ташкент жері. «Сұлтанбектің қоғамдық-саяси жұмысқа бел шеше ден қоюы – Ташкенттегі мұғалімдер семинариясында жүрген кезінен-ақ басталғанын тарихи деректердің өзі куәландырып отыр. Сол Семинария жанынан 1915 жылы-ақ ұйымдасқан «Кеңес» атты құпия ұйымның белді мүшелерінің бірі – Сұлтанбек еді» [2, 22 б.]. Жастайынан зеректігі мен алғырлығының арқасында ол жас талапкер кезінен-ақ қоғамдық жұмыстарға араласа бастаса керек.

Деректер бойынша 1918 жылы қайраткер Ташкентке қайта оралады. «Ұстаз – революционер қай кезде де бір жұмыспен шектеліп қалмайтын-ды. Оны ұстаздың қызметімен қоса ұйымдастыру жұмыстары өзіне тартатын да тұратын. Ташкентте жүрген шағында сол қалпынан айнымады. Сабақтан қолы қалт еткенде анда-санда барып, өз ойларын айтып, партия, кеңес қызметкерлерімен пікір алмасып жүрді. Осылайша Ташкенттегі алғашқы институтты (КИНО) ашып, оның іргетасын қаласуға Сұлтанбек зор үлес қосты. Осында ең алғаш үш жүзден аса мұғалім кадрлары даярланып шықты. Оларға Сұлтанбек дәріс берді» [2, 27б.].

Мақсаты. Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнының тарихы С.Қожанұлы есімімен тікелей байланысты болды. Ол ұлттық элитамен тығыз қарым-қатынаста болған ұлт зиялысы тәжірибе жинақтай отырып, болашақ ұстанымын дұрыс анықтады.

Негізгі бөлім. Сұлтанбек Қожанұлы – жан-жақты шығармашылық тұлға. Мәселен, оның ірі ағартушы қайраткер ретіндегі қырын айрықша атап өткен жөн. Білімпаз Сұлтанбек – 20-жылдарда Түркістан республикасы мен Қазақ АССР-і еңбекшілерінің білімге бет бұрып, ой-санасын оятуда, мәдениетін қалыптастыруда қыруар іс атқарғандардың бірі. Ғалым, әдебиет зерттеушісі Т.Қожакеев қайраткердің оқу және тәрбие, ағартушылық жұмыстарымен айналысуына екі түрлі себеп болғанын анықтайды: «Біріншіден, қызмет бабы лауазымы, яғни Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, сол республика Орталық партия комитетінің хатшысы, Оқу-ағарту халық комиссары, кейінірек Қазақ Өлкелік партия Комитетінің нұсқаушысы, Орта Азия Бюросының үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болуы оның халық ағарту ісімен тынбай шұғылдануын, ұйымдастыру жағынан басшылық етуін қажет еткен. Екіншіден, «Бірлік туы», «Ақ жол» газеттеріне редакторлық етуі, Орта Азия политехникалық институтының директоры болуы оны жалпы жұртты, студент жастарды оқытып, тәрбиелеумен тікелей айналыстырған» [3, 138 б.]. Осылайша Сұлтанбек білімді қайраткер біліктілігі мен тәжірибесінің арқасында халықтың арасында сауатсыздықты жойып, ғылымға, рухани тәрбиеге баулыған.

Білім саласындағы міндеттерді С. Қожанов «Шолпан» журналының 1923 жылғы 4-5 нөмірлерінде жарық көрген «Қазақ-қырғыз арасында халық ағарту жұмысы» мақаласында жазады. Ағартушы мектеп мен тәрбие ісіне келгенде, сол халықтың тұрмысын, мәдениетін, шаруашылығын, тіршілігін ескеру қажет екенін айтады. Білім берудің бір үлгісін таңдап халық арасында «міне осындай бол» деп айта салуға болмайды деп ескертеді автор. Бұл іске қайраткер тұлға аса ыждаһаттылықпен кірісуге үндейді.

Саликалы азамат Сұлтанбек Қожанұлы білім берудің ұлттық жүйесін құру мәселесіне тоқталады. Ұлт мектептерін құру жөнінде былайша пікір білдіреді: «Түркістан Республикасының колонизаторлық боқтығынан тазаланып, шын еңбек үстемдігі орнаған, кеңестер мемлекеті болуы, әр ұлттың мәдениет жүзінде теңдікке болуына, ұлт мектептері тең жасалуына байланысқан, бір жұрттың жұрт болып сақталуы, жұртшылығын сақтай алуы, ана тіліне ие болып, ұлт мәдениеті арқылы, ұлттар теңдігіне, ұлттар бірлігіне жетуді ұлт мектептеріне байланысқан. Сондықтан, қырғыз-қазақ халқының жалпы қара бұқарасына, ең керекті ұлт мектебі» [4, 266 б.]. Бұнда автор халықтың ана тілінде білім алуы міндетті екенін ескертіп айтады. Қайраткер қозғаған өзекті мәселелер бүгінгі таңда да өз маңызын жоймай келе жатыр. Тығырықтан шығудың жолы ретінде алаш қайраткері бастауыш буынан балаға тәрбие мен білім ана тілінде берілуі тиіс деп тұжырымдайды.

Оқу, білім саласындағы мұғалімдер рөліне С.Қожанов үлкен мән берген. «Ақжолдың» бетінде шыққан «Оқытушыларды ескеру керек» деген мақаласында ұлтты тәрбиелеп өсіретін басты тұлға – педагог екенін жаза отырып, олардың жағдайын жасауға үкімет тарапынан қолдау керектігі жөнінде баян етеді. Сонымен қатар мақалада Грузия, Армения елдеріндегі ұстаздың биік мертебесін үлгі ретінде мысалға келтіреді.

Сұлтанбек Қожанов – ұлттың ардақты ағартушысы, қайраткер ұстаз. Ол өз заманында алаш жұртының ғылым-білімге, өнерге, мәдениетке деген мұқтажығын жақсы түсініп, сол жолда өнімді жұмыстар атқарды. Қайраткердің рухани мұрасынан қазіргі қоғамға қажетті мағыналы ойлар молынан ұшырасады.

Сөз өнерін зерттеуші Т.Қожакеев «Сұлтанбек сыры» мақаласында қайраткердің адамгершілік келбетіне тоқталады. Ғалым алаштың айтулы азаматының көркем мінезін сипаттауда С.Мұқановтың естеліктерін басшылыққа алады. Бұл бойынша Сұлтанбек «әрі оңшыл», «ұлтшыл», «әрі көпшіл» адам болғаны жайында айтады. Осы тұста әдебиетші оңшылдықты Кеңес мүддесі қарсы күрескен оңшылдық емес, партия ішіндегі оңшылдық деп түсіндіреді. Сол себептен оның рухы, ниеті мен тілегі А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы сында алаш арыстарына жақын болғанын растап өтеді мақала авторы. Бұған қоса мақалада Сұлтанбек Қожанұлының алашшыл ұлт зиялыларына іш тартқанын, оның қайраткерлердің қуғын-сүргінге ұшырап Ташкент жеріне қолдау іздеп барғанда көмек көрсетіп, баспасөзге тартқаны, рухани салаға оралуларына үлкен жәрдем бергенін сөз етеді.

Қайраткердің шығармашылық таланты туралы сөз еткенде, оның қазақтың алғашқы оқулықтарының бірінің авторы екенін айтқан орынды. Ғалым **Ж.Әлмашұлы** ол жайында зерттеу мақаласында ойымен бөліседі: «*Ол алғашқылардың бірі болып «Есеп тану құралы» (1924) атты оқулық кітабын жазды, онысы баспа жүзінде жарық көрді. Оқулық жас шәкірттерге қосу, алу, көбейту, бөлу секілді амалдарды үйретудің тәсілдерін, арифметиканың басқа да қыр-сырларын аша түседі. Біздің ойымызша С.Қожанұлының бұл еңбегін қайтадан басып шығару қажет*» [3, 167 б.]. Бұл деректерден алаш қайраткерінің еңбегі ғылыми бағытта жазылған құнды мұраның бірі ретінде бағалы деген қорытындыға келеміз. «Ақжолдың» алғашқы редакторы, жауапты шығарушысы – Сұлтанбек Қожанұлы. Ол газеттің басышысы ретінде қызмет атқара отырып, газеттің нөмірлерін қадағалаумен қатар, басылымға қызметкер табу мен қаржылық мәселелермен де айналысты. Кемеңгер редактор басылым ұстанымын ұлттық бағытта жүргізді. Газетте қазақ тіліне, әдебиетіне, тарихына, мәдениетіне қатысты маңызды мақалалар жиі басылды. Деректерге сүйенсек «Ақжолдың» бағыт-бағдары «Қазақ» газетінің елшілік жолына негізделді. Зерттеушілердің пікірінше, «Ақ жол» газеті «Қазақ» көтерген алаштық идеяның жығылған туын іліп, биікке самғатты. Газеттің басылып, халыққа кең тараған уақытында жоғары жақтан тырнақ астынан кір іздеушілердің табылған. Әсіресе «ақ» сөзіне қатысты күмәндарын білдірген. Сол кезде қайсар мінезді С. Қожанұлы газетке жауапты тұлға ретінде былайша жауап берген: «*Қазақ тілінде*

«ақ жол» деген сөздегі «ақ»-та білгіштер күстаналағандай жаман саяси мағанасы жоқ. «Ақ бата», «ақ көңіл», «ақ сөз», «ақ жол» һәм басқа осыларға ұқсаған сөздер һәм басқа осыларға ұқсаған сөздер һәм бұл сөздердегі «ақ» дегеннің мәнісі «тіл білгіш түрктердің» түсінуінен басқа екені анық білінді. Құр «біліп қана қоймаған». Тура сөйлеп жүрген, туған тілінің мәнін біліп, жүрегі сезетін қазақ жұрты ол сөздерді естігенде, көз алдына бір түрлі шындық, тазалық, қулық-сұмдықсыз жақсылықтың ең болып жеткен идеалы келіп тұрады» [5, 16 б.]. Көсемсөз шеберінің дәл, дөп берген жауабы осы болды. «Ақ» сөзі қазақ ұғымында жақсылық, адалдық, ізгілік, сұлулықты білдіреді. Ұлттың жаны мен болмысын терең түсінетін қайраткердің дәлелді пікірі нақты әрі көкейге қонымды.

Сол кезеңдегі басылымдардағы сияқты «Ақ жол» газетінің де «ішкі хабарлар», «сыртқы хабарлар», және «ресми» деп аталатын бөлімдері болды. Басылымның кескін-келбетін айшықтап, көзқарасын айқындаған дүниелер «Қазақстанда», «Елден», «Ашыққандар үшін», «Жастар арасында», «Әйел теңдігі» атты айдарлардың аясында түрлі тақырыпта жарияланып тұрған. «Ақ жол» отарлау саясатына қарсы ашық күрес жүргізді. Ақиқатында, «Ақжол» ХХ ғасырдағы Түркістан жерінің тыныс-тіршілігін толық сипаттайтын бірден-бір баспасөз органы.

Ұлт қайраткерінің «Ақжол» газетінің редакторы қызметін атқара жүріп, сан түрлі тақырыпта жазған мақалалары сол дәуірдің шындығын айғақтайтын құжат есебінде бүгінгі таң өз құнын жоғалтпай келе жатыр.

1924-1925 жылдары қалам қайраткері баспасөз беттерінде өз ойлары мен тұжырымдарын жиі жариялатқан. Бұндай деректер Ж.Әлмашұлының кітабында бар. Бұл еңбектегі автор пайымдауына сүйенсек, С.Қожанұлы осы кезеңде партия қызметінде таныла бастаған шағы. Осы жылдары қалам қайраткері түрлі тақырыпта көптеген мақалалар, проблемалық материалдар, публицистикалық ой-толғамдар жариялатады. Бұл мақалалар үздіксіз шығып тұратын «Ақжол», «Жас қайрат», «Еңбекшіл қазақ» газеттерінде басылды.

Аяулы қайраткердің журналисттік жолы Ташкент те өрледі. Шаһардағы «Ақ жол», «Шолпан», «Сана» беттерінде оның «Тоқпақ», «Тарпаң», «Замандас» деген бүркеншік есімдермен мақалалары шығып тұрды. «Ақжолда» басылған С.Қожанұлының «Жақындық па, жалақорлық па?», «Қазақша сауық кеші», «Менің жауабым», «О литературном языке и терминологии» атты мақалаларынан өткенді танудағы ұстаным, шығармашылықты бағамдау, руханиятты қадірлеу айқын аңғарылады.

«Ақжол» газеті С.Қожанұлы редакторлық еткен жылдары әдебиеттің кемел тұлғалары мен жауһар туындыларын таныту-насихаттау ісі басты назарда болды. Бұл кезде ауыз әдебиеті нұсқаларымен қатар, жазба әдебиеті басылым беттері арқылы көпшілікке жетті. Жазба әдебиет дегенде, Абай есімі санада жаңғырады. С.Қожанұлы басқарған «Ақжол» абайтанудың дамуына аз үлес қосқан жоқ. 1921 жылы маусымның 19-ында белгілі көсемсөзші, ғалым Телжан Шонанұлының «Абай кітабын бастыру керек» атты мақаласы жарық көрді. Осы мақаланың үнімен 1922 жылы Ташкентте Абайдың жыр кітабы шықты. Ал 1923 жылы «Ақжол» газеті «Қазақ ақындары» атты айдарына А.Сағдидің бас ақын туралы мақаласы жарық көрсе, 1924 жылдың маусымында ұлы ақынның дүниеден өтуінің 20 жылдығына байланысты арнаулы бет арнады. Бұның барлығы – Абайдың ұлылығын, сөзінің құдіретін күллі алашқа таратуға қосқан ерен еңбектің көрінісі. Сұлтанбек Қожанұлын қазіргі жас буын журналист, көсемсөз шебері, ақын, әдебиетші ретінде таниды. Оның ХХ ғасырдағы қазақ журналистикасының дамуына қосқан үлесін ерекше әңгіме етуге тұрарлық. Ташкент шаһарында қазақ тілінде шығып тұрған «Ақ жол» газетінің редакторы болып, «Шолпан» журналының жарыққа шығуына көмек жасады.

Қалам қайраткері алаш өнері мен әдебиетінің – шын жанашыры, қамқоры. Мәселен, ол қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Міржақып Дулатұлының «Балқия» пьесасына жарық көрген кезде алғаш пікір білдіреді. Бұл С.Қожанұлының М.Дулатұлы талантын мойындап, әрдайым онымен шығармашылық байланыста болғанын көрсетеді.

Ол «Ақжолдың» 1921 жылы 12 қаңтарда шыққан 13 нөмірінде «Қазақша сауық кеші» атты шағын мақаласында «Балқияның» қысқаша мазмұнын жұртқа таныстыра келе, сөзін былай түйіндейді: «Еуропадан үйренген теріс назармен қарамай, қазақ тұрмысынан хабарлы, ел арасының тіршілігімен таныс адамдарға драма бола беретін көп уақиғаның бірі барынша шын тіршіліктің суреті екені айқын көрініп кетті.

Ойын артынан институт шәкірттері жәке хәм хормен өлеңдер айтып, әндер салды. Арамызда қазақ тілінде заман балаларының ақ көңілден айтып шыққан жақсы декларациялар сөйленді.

Бұл күнгі ойынға жиналған қазақ-қырғыз колизейінің іші толған әлеумет ұйықтаған көңілі бір оянып, жақсы рәуішпен тарқады. Ойында болған басқа ұлттардың адамдары, әсіресе, ғаскерден келген бас кеңестің мүшелері, қазақта мұндайлар бар деп ойына келмеген ортақшыл жолдастар жерден жеті қоян тапқандай сүйсініп қайтты. Қазақтар істейін десе, күші бар екен, тек басы құралмай, быж-тыж боп жүргендіктен, артта – қаға берісте қала беріп жүргендігін осы кеш анық көрсетті» [6, 172 б.]. Осы сипатты материалдардың жариялануы «Ақ жолдың» қазақ өнерінің қолдаушысы болғанын дәлелдесе керек. Қаламгер сахналық қойылымға баға беріп, М.Дулатұлының шығармашылығын одан сайын өсіруге, талантты танытуға бастама жасағаны анық.

С.Қожанұлы Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығына қолдау көрсетіп, көмегін аямаған. Оған дәлел 1923 жылы Мағжанның өлеңдер жинағын Ташкентте жарық көруіне қол ұшын созуы еді. Қалам қайраткері ақынның өлең жинағына алғысөз жазып, Мағжан шығармашылығын Абайдан кейін ұлы құбылыс деп бағасын береді. Қайраткер Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығына Ташкентте үлкен жиын ұйымдастырып, зиялы ортаның бас қосуына ұйытқы болды. Бұл оның алаштың қайраткер, отаншыл азаматтарына деген таза көңілі мен шын құрметінің белгісін растайды.

